


«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:
«Айша» бөбекжайы менгерушісі:
Түлегалиева Б.Е.



Тақырыбы:

«Ұлттық құндылық біздің байлығымыз»



«Алақай» ересек тәрбиеші: Жиренова Ұ.С

2025 жыл

Тақырыбы: «Ұлттық құндылық – біздің байлығымыз»

Тобы: «Алақай ересек топ

Ұзақтығы: 20–25 минут

Мақсаты:

Балаларға ұлттық құндылықтар туралы қарапайым түсінік беру, туған елін, салт-дәстүрін, ұлттық киім мен ұлттық ойындарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Қажет емес.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?
- Бір-бірімізге жылы лебіз айтып, күлімдеп амандасайық.

2. Кіріспе әңгіме

Тәрбиеші:

- Балалар, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, тілі, ұлттық киімі, ұлттық тағамдары болады. Осылардың барлығы – ұлттық құндылықтар.
- Біз қазақ халқымыздың ұлттық дәстүрін құрметтеп, ана тілімізді сүйіп өсуіміз керек.

Сұрақтар:

- Біздің Отанымыз қалай аталады?
- Біз қай тілде сөйлейміз?
- Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіңдер?
- Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

3. Сергіту сәті

Балалар қарапайым қимылдар жасап, ұлттық әуен ырғағымен сергіту жаттығуын орындайды.

4. Әңгімелесу

Тәрбиеші:

- Үлкендерді сыйлау – ұлттық құндылық.
- Ана тілімізді құрметтеу – ұлттық құндылық.
- Достық пен бірлік – ұлттық құндылық.
- Отанды сүйу – әр баланың міндеті.

Балалар өз ойларын айтып, сұрақтарға жауап береді.

5. Қорытынды

Тәрбиеші:

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік?

- Ұлттық құндылықтарға нелер жатады?
- Өз елімізді, тілімізді, дәстүрімізді құрметтеу керек пе?

Қорытынды сөз:

«Ұлттық құндылық – халқымыздың асыл мұрасы. Біз оны құрметтеп, сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуіміз керек.»

Балаларды мадақтау, тәрбие сағатын аяқтау.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Ұлттық құндылық біздің байлығымыз» атты ашық тәрбие сағаты

Өткізілген күні: 16.03.2026 жыл

Топ: «Алақай» ересек тобы

Мақсаты: Балаларға ұлттық құндылықтар туралы қарапайым түсінік беру, туған елін, салт-дәстүрін, ұлттық киім мен ұлттық ойындарды құрметтеуге тәрбиелеу. "Ұлттық құндылық - біздің байлығымыз" - бұл ересек топ балаларын қазақ халқының салт-дәстүрімен, ұлттық ойындарымен, өнерімен, киімімен және тіл байлығымен таныстыру арқылы отансүйгіштікке, өз халқын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған ҰІӨ.

Материалдық байлықтан да қымбат нәрсе - бұл ата-бабамыздан қалған рухани байлық. Сол байлықты сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу - біздің міндетіміз.

Қатысушылар саны: 7

Ұйымдастырушылар: Топ тәрбиешісі Жиренова У.С.

Инстаграм желісіне жүктелді.

<https://www.instagram.com/reel/DV706BbCswr/?igsh=MXZxYXFmb2NtbHV1MQ==>